ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 4 шілде №7119-24-00-2/8115 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Алимбетов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Автомаркет.kz» атынан - Садвакасова Альмира Болатовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Өсімпұл өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 12-бабы, 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Заң) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

2024 жылғы 1 мамырда тараптар арасында № 57 Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды, оның талаптары бойынша жауапкер 756 000 теңге сомасына көліктегі артқы ось корпусын ауыстыру бойынша жұмыс жасауға міндеттеме алған.

Шартына 1-қосымшаға сәйкес жұмыстарды орындау мерзімі – техникалық ерекшелік шарттарына сәйкес.

Техникалық ерекшелік шарттарына сәйкес шартқа қол қойғаннан кейін жеткізуші 5 жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге жұмыс кестесін бекітуге

береді. Ұсынылған жұмыс кестесінде жұмысты 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жасау қажеттілігі көрсетілуі керек.

Шартқа 1 мамыр 2024 жылы қол қойылған, жеткізушіге жұмыс кестесін ұсыну уақыты 2024 жылғы 10 мамырда өткен. Ал 15 күнтібелік күн 2024 жылғы 27 мамырда өткен. Жұмыс кестесі жеткізушімен ұсынылмады.

Сонымен қатар, белгіленген мерзімде жұмыс, яғни Toyota Fortuner маркалы автокөлікке жөндеу жүргізілмеген.

2024 жылғы 22 шілдеде шарт мемлекеттік сатып алу порталында біржақты тәртіппен бұзылған.

Шарттың 8.3-тармағына сәйкес, Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Тұрақсыздық айыбының мөлшері келесідей, Шарттың жалпы сомасы 756 000 тенге х 0,1% х 29 (күн) = 21 924 теңге.

Шарттың 8.5-тармағына сәйкес, Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

Аталған жағдайларда талап қою талаптары қанағаттандырылуға тиіс.

АПК-нің 117 бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

АПК-нің 109 бабына сәйкес, жауапкерден талап коюшының пайдасына 658 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Автомаркет.kz» атынан - Садвакасова Альмира Болатовнаға қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және өсімпұл өндіру туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 15.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.09.2024, судья Алимбетов А. С., 17.09.2024

7119-24-3-1/7543

Жеке кәсіпкер «Автомаркет.kz» атынан - Садвакасова Альмира Болатовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Автомаркет.kz» атынан - Садвакасова Альмира Болатовнадан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Автомаркет.kz» атынан - Садвакасова Альмира Болатовнадан Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 21 924 (жиырма бір мың тоғыз жүз жиырма төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздығы айыбын және 658 (алты жүз елу сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.С.Алимбетов**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 15.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.09.2024, судья Алимбетов А. С., 17.09.2024

7119-24-3-1/7543